

**«Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж»
МКҚК Қамқоршылар кеңесінің
№ хаттамасы**

Өткізу күні: 24.10.2024ж.

Уақыты: 14:00 часов

Қатысқандар:

Жаманбаев Султанбек Сатбекович

Белинская Светлана Петровна

Аскарова Гульмира Бектимировна

Орлова Ольга Владимировна

Козючиц Людмила Риммовна

Абинова Ботагөз Жалеловна

Процюк Ольга Валерьевна

Ниязбекова Виктория Юрьевна

Қатыспағандар: 1 (дәлелді себеппен)

Кворумға қатысушылар:

Каппасова Р.Н.– «Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК басшысының м.а.

Күн тәртібі:

«Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК басшысының бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатысқан Аскербек Жамантаевич Тюлебаевтың құжаттарын қарастыру.

1. Қамқоршылар кеңесінің төрағасын сайлау.
2. Конкурсқа қатысушы кандидат А.Ж.Тюлебаев ұсынған колледж дамуының перспективалық жоспарымен танысу.

Тыңдалды:

1. ҚК хатшысы Т. Толқумбекова сөз сөйледі және дәлелді себептермен Қамқоршылық кеңес төрағасы Л.Е. Петрованың болмауына байланысты, Қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларының 11-тармағының 2-тарауына сәйкес осы кеңеске төрағаны таңдау қажет екенін, ҚК төрағасының функцияларын мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, ҚК кез келген мүшесі жүзеге асыра алатынын хабарлады.

Шешім қабылданды: Қамқоршылық кеңестің осы отырысына төраға болып дауыс беру арқылы колледждің әлеуметтік серіктесі Абинова Ботагөз Жалеловна таңдалды.

Отырысты Қамқоршылар кеңесінің төрайымы Ботагөз Жалеловна Абинова ашып, күн тәртібімен таныстырды. Ботагөз Жалеловна мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларына сәйкес Ақмола облысы білім басқармасының конкурстық комиссиясына келісуге жіберілген (*Қазақстан*

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген) «Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК басшысының бос лауазымына орналасу конкурсына қатысқан кандидат Әскербек Жамантайұлы Төлебаевтың түйіндемесін оқыды.

1. Төлебаев Аскербек Жамантаевич өзін таныстырып, Қамқоршылар кеңесінің мүшеліріне оқу орны дамуының перспективалық жоспарын ұсынды.

Жобаның мақсаттары мен міндеттеріне анықтай отырып, негізгі қойылған міндеттермен таныстырды. Басым бағыттары – оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар. Алдағы уақытта педагогикалық құзыреттілікті жетілдіруге, білім беру және тәрбие жұмысын жетілдіруге, колледжді ресурстық қамтамасыз етуге және материалдық-техникалық дамытуға баса назар аударылады, бұл оқу орнының өзін-өзі дамуына жағдай жасайды.

Талқылау барысында Абинова Ботагөз Жалеловна білім беру және тәрбие жұмысын, сондай-ақ кәсіптік бағдарлауды жетілдіруде оқушылар республикалық, халықаралық деңгейлерде өткізілетін зерттеу, шығармашылық конкурстарға қатысатынына сенім білдірді, бұл жеңімпаздар санының артуына ықпал етеді, сондай-ақ кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері санының артуына сенім білдірді, демек, түлектердің жұмысқа орналасуы да артады.

Белинская Светлана Петровна материалдық-техникалық базаны нығайту жолдары туралы сұрақтар қойып, қанағаттанарлық жауаптар алды.

Жаманбаев Султанбек Сатбекович кандидат тураалы өз пікірін білдірді: білімді, тәжірибелі педагог. Оқу жағдайын, материалдық-техникалық базаны, оқу-тәрбие жұмысын жақсы біледі, сондықтан келісім беруді ұсынды.

Процюк Ольга Валерьевна Төлебаев Аскербек Жамантаевичтың құжаттарын қарап, оның көптеген жылдар бойы жетекшілік қызмет атқарғанына көз жеткізгенін, сондықтан колледж басшысы болуға лайық деп санайтынын айтты.

Басшының бос лауазымына қабылдау туралы шешім қабылдау үшін Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Абинова Ботагөз Жалеловна кандидатураға дауыс беруді ұсынды.

Қабылданған шешім:

Аскербек Жамантаевич Төлебаев Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, аграрлық-индустриялық колледж» МКҚК басшысының бос лауазымына орналасуға ұсынылсын.

Төрайым:
Хатшы:

Абинова.Б.Ж
Толкумбекова Т.П



Кенес мүшелері:

1. Жаманбаев Султанбек Сатбекович
2. Белинская Светлана Петровна
3. Аскарова Гульмира Бектимировна
4. Орлова Ольга Владимировна
5. Козючиц Людмила Риммовна
6. Процюк Ольга Валерьевна
7. Ниязбекова Виктория Юрьевна

[Handwritten signatures and initials corresponding to the list items]